Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде аталған құжаттар және оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда: сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (Шартқа №1 қосымша), техникалық ерекшелік (Шартқа №2 қосымша), ішкі елдік құндылық үлесін есептеу нысаны (Шартқа №3 қосымша), Шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны (Шартқа №4 қосымша).

1.3. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауар Шартқа қосымшада (№2 қосымша) көрсетілген техникалық ерекшелік стандарттарына сәйкес келуге тиіс немесе оның сипаттамалары одан жоғары болуы керек.

1.4. Тауарды жеткізу орны, мерзімдері және оның саны туралы ақпаратты Тапсырыс беруші Өнім берушіге жіберілетін және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Тауарды жеткізуге арналған өтінімде (өтінімдерде) (бұдан әрі – Өтінім) көрсетеді (қажет болған жағдайда).

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Алдын ала төлем — 0%. Аралық төлем — 0%. Түпкілікті төлем — 100%.

2.4. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, соның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу тараптар жеткізілген Тауарлардың актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Қабылдау-тапсыру актісі (актілері) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы ішкі елдік құндылық үлесін есептеу электрондық құжат нысанында (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Қорларды сыртқа беруге арналған жүккұжаттың түпнұсқасы (бұдан әрі – Жүккұжат);

2.4.3. "Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші жазып берген тауарларға арналған ілеспе жүккұжатм;

2.4.4. "Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші СЭҚ ТН кодын міндетті түрде көрсете отырып жазып берген электрондық шот-фактура;

2.4.5. Тапсырыс берушінің Тауарды немесе Тауарлар партиясын қабылдап алғанын растайтын құжаттың түпнұсқасы (бұдан әрі – Тауарды қабылдау-тапсыру актісі);

2.4.6. Шарттың 6-бөлімінде көзделген өзге де құжаттар.

2.5. Тапсырыс беруші Өнім берушінің төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемнің кешіктірілгені үшін жауапты болмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күні Тауарды жеткізу күні деп есептеледі. Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге жүккұжатқа, қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-себепті Тауардың кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап Өнім берушіден Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Жеткізу базисі: _____ (Инкотермс-20__).

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен, Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна түрінде не Шартқа 4-қосымшаға сәйкес ресімделген банктік кепілдік түрінде не Тәртіпке 15-қосымшаға сәйкес ресімделген Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты түрінде Шарттың жалпы сомасынан 3% мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін толық және тиісінше орындаған жағдайлар қосымша болып табылады. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хат, телеграмма, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама хабарламаға теңестіріледі. Шарт Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес ауыстырмаған жағдайда, онда Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады;

4.1.3. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдап алу-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3.2. Босалқыларды сыртқа босатуға арналған жүккұжаттың түпнұсқасы (бұдан әрі – Жүккұжат);

4.1.3.3. "Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші жазып берген тауарларға арналған ілеспе жүккұжат;

4.1.3.4. "Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші СЭҚ ТН кодын міндетті түрде көрсете отырып жазып берген электрондық шот-фактура;

4.1.3.5. Тапсырыс берушінің Тауарды немесе Тауарлар партиясын қабылдап алғанын растайтын құжаттың түпнұсқасы (бұдан әрі – Тауарды қабылдау-тапсыру актісі);

4.1.3.6. Шарттың 6-бөлімінде көзделген өзге де құжаттар.

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

4.1.6. Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына кедергі келтіретін мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.7. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу барысы туралы есепті ұсынуға;

4.1.8. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін Тауардардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.9. Тапсырыс берушіден сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге аффилирленген тұлғалар бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-анасы, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістерін көрсете отырып ұсынуға;

4.1.10. Қаржы агентіне осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қойылатын өз ақшалай талабын ақшалай талапты беруді (факторингті) қаржыландыру шарты (бұдан әрі – Факторинг шарты) бойынша бермеуге;

4.1.11. Факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салу алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мыналарды ұсынуға:- Факторинг шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесін;- Өнім беруші/ Орындаушы/ Мердігер тарапынан Факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттарды.

4.1.12. Өнім беруші міндетті:- осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауға, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындауға;- осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін өзінің 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің басқа шарттар, мәмілелер бойынша салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындауын қамтамасыз етуге;- Өнім беруші жасасатын шарттарға Өнім беруші контрагентінің және оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің жасасылған шарттың/шарттардың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындау міндеттемесіне қатысты талаптарды қосуға.

4.1.13. Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған Өнім беруші кодексінің талаптарын сақтауға:https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/;- жұмыстарды орындау/тауарды жеткізу/қызметтерді көрсету басталғанға дейін Өнім беруші қызметкерлерінің, қосалқы мердігерлер, бірлесіп орындаушылар қызметкерлерінің және осы шартты орындауға тартылған өзге де тұлғалардың Өнім беруші кодексінің талаптарымен танысуын және оларды орындауын қамтамасыз етуге.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

4.2.4. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.5. Тапсырыс беруші Мердігердің Шарттың 4.1.10-тармағында көзделген міндетті бұзғаны үшін Шарттың 8.2.7-тармағында көрсетілген айыппұлды берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

4.4.4. Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін Тауарды техникалық бақылаудан және/немесе сынақтан өткізуді, соның ішінде тәуелсіз ұйымдарды тарта отырып жүргізуге;

4.4.5. Тауар Шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, соның ішінде мерзімдері бойынша, тауарды қабылдау-тапсыру актісі және босалқыларды сыртқа босатуға арналған жүкқұжат бойынша, Өнім берушіден көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тауарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге. Жеткізілген Тауарда ақаулар болған кезде Өнім берушіге ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, ақаулардың тізбесін жіберуге;

4.4.6. Өнім берушіден аффилирленген тұлғалар бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-анасы, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістерін көрсете отырып сұратуға;

4.4.7. Өнім беруші шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Өнім берушіге шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін есептелген өсімақы (айыппұл, тұрақсыздық айыбы) сомасын және бұған байланысты туындаған залалдарды енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан және/немесе Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасында жасасылған өзге де шарттар бойынша Өнім беруші алдындағы өзінің өзге де кредиторлық берешек сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға;

4.4.8. Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімақы мен айыппұл сомаларын Өнім берушіден өтеуді талап етуге;

4.4.9. Тапсырыс беруші Мердігерден Факторинг шартына қатысты тиісті ақпаратты және құжаттарды сұратуға құқылы.

4.4.10. Өнім беруші Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзған жағдайда, Тауарды қабылдамауға;

5. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету (Осы бөлім Тәртіпте және Тапсырыс берушінің тиісті актісінде көзделген жағдайларда Шартқа енгізілмейді)

5.1. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы айлық есептік көрсеткіштің 170 000 еселенген мөлшерінен асқан және Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрі ретінде банктік кепілдікті таңдаған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде мынадай критерийлерге сәйкес келетін: 1) ҚР екінші деңгейдегі банкінен (бұдан әрі – ЕДБ) берілген кепілдікті қабылдайды: - банктік кепілдік берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 3 (үш) ай ішінде ҚР Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін орындауы; - Standard&Poor's / Fitch бойынша «B-» немесе Moody's Investors Service бойынша «B3» деңгейінен төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінің не аналық ұйым рейтингінің болуы. ЕДБ-де рейтинг болмаған жағдайда, егер ол «BBB» деңгейінен төмен болмаса, осы ЕДБ акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей тиесілі ЕДБ акционерінің (қатысушысының) рейтингі есепке алынуы мүмкін; 2) шетелдік заңнамаға сәйкес банктік қызметті жүзеге асыратын және Standard&Poor's / Fitch бойынша «BBB» немесе Moody's Investors Service бойынша «Baa2» деңгейінен төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар шетелдік банктен берілген кепілдікті қабылдайды. Бірден көп рейтинг болған жағдайда, олардың ішіндегі ең нашары есепке алынады. Бұл ретте банк Шартты орындаудың бүкіл мерзімі ішінде осындай критерийлерге сәйкес келуге тиіс, әйтпесе Өнім беруші Рейтинг өзгерген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін басқа банктен берілген кепілдікті ұсынуға міндетті.

5.2. Тапсырыс берушінің Өнім беруші ұсынған банктік кепілдік бойынша Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банктен алуы мүмкін болмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің тиісті хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жаңа банктік кепілдік ұсынуға міндетті.

5.3. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

5.4. Өнім беруші шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін есептелген өсімақы (айыппұл, тұрақсыздық айыбы) сомасын және бұған байланысты туындаған залалдарды енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы.

6. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Тауарды тасымалдау Тауардың сапалық және сандық сақталуын қамтамасыз ету шартымен жүзеге асырылуы тиіс..

6.2. Тауардың ыдысы, қаптамасы және таңбалануы сатып алынатын Тауар түрін тасымалдауға қойылатын белгіленген талаптарға қатаң сәйкес келуге тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.3. Өнім беруші Тауардың соңғы тағайындалатын пунктіне дейін тасымалдануы кезінде оның зақымдалуын немесе бүлінуін болдырмауға қабілетті сапалы қаптамасын қамтамасыз етуге міндетті. Қаптама тасымалдау кезіндегі қарқынды тиеу-түсіру және көліктік өңдеуге, экстремалды температуралардың, тұз бен жауын-шашынның әсеріне, сондай-ақ ашық ауада сақтау жағдайларына ешқандай шектеусіз төтеп беруге тиіс.

6.4. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге міндетті.

6.5. Жеткізілген Тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарап-тексеру арқылы және осы Шартта көзделген құжаттардың негізінде жүзеге асырады.

6.6. Тауарды қабылдап алғаннан кейін (соның ішінде монтаждау, баптау және пайдалану кезеңінде) және кепілдік мерзімі ішінде сапасы тиісінше емес Тауар анықталған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз, анықталған сапасыз Тауарды қоса берілген растаушы құжаттарымен (комиссия актісі, тауарлық-көліктік жүккұжаттар және т.б.) бірге кінәрат-талап алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Кінәрат-талапты алған күн деп Шарттың 10.3-тармағында көзделген тәсілмен Өнім берушінің мекенжайына кінәрат-талап жіберілген күн есептеледі. Тауардың кемшіліктері анықталу фактісі құрамына Тапсырыс берушінің өкілі мен Өнім берушінің өкілі кіретін комиссия актісімен расталады. Комиссия жұмысына қатысу үшін Өнім берушінің өкілін шақыру кемшіліктер анықталған күннен бастап 72 (жетпіс екі) сағат ішінде Шарттың 10.3-тармағында көзделген тәсілмен хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс беруші өкілінің шақыруын алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей Тауардың санын, сапасын және жиынтықтылығын тексеруге қатысу үшін Өнім берушінің өкілі жіберілетін-жіберілмейтіні туралы Шарттың 10.3-тармағында көзделген тәсілмен хабарлауға міндетті. Көрсетілген мерзімде Өнім берушіден шақыруға жауап алынбаған немесе Өнім берушінің өз өкілін жіберуден жазбаша бас тартуы алынған жағдайда, Тауарды қабылдауды құрамына Тапсырыс беруші тарапынан Тауарды қабылдайтын Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы немесе басшысының орынбасары уәкілеттік берген кемінде үш құзыретті тұлға кіруге тиіс комиссия жүзеге асырады. Бұл жағдайда комиссия мүшелері жасаған және қол қойған Тауардың кемшіліктері туралы акт Өнім берушіге дәлелді кінәрат-талап қою үшін заңды түрде негізделген негіз болып табылады. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай кінәрат-талапты Өнім беруші танған деп есептеледі.

6.7. Өнім беруші Тауардың тағайындалатын пункContextінде Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

6.7.1. Тауардың шығарылған елі туралы сертификаттың түпнұсқасын немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

6.7.2. Тауардың саны мен шығарылған жылы көрсетілген, дайындаушы зауыттың Тапсырыс берушінің мекенжайына берген кепілдік міндеттемесінің түпнұсқасын;

6.7.3. Тауарды қабылдау-тапсыруға қатысатын тұлғаның өкілеттіктерін куәландыратын сенімхаттың түпнұсқасын;

6.7.4. Шығыс жүккұжатының түпнұсқасын (екі данада ұсынылады)

6.7.5. Шартқа № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі елдік құндылық үлесі бойынша есептілікті;

6.7.6. Тауарды қабылдау туралы электрондық акт;

6.7.7. Шарттың 6.7-тармағында көрсетілген құжаттардың қандай да бірі болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тарту немесе оны Өнім берушінің есебінен жауапты сақтауға қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

7. Кепілдіктер мен сапа

7.1. Жеткізуші жеткізілетін Тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін Тауардың сапасына кепілдік береді. Жеткізуші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың дайындалған күнінен бастап кемінде 12 (он екі) ай мерзім ішінде, жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде оның конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты кемшіліктері болмайтынына кепілдік береді.

7.2. Өнім беруші Тауардың өндірушісі неғұрлым ұзақ кепілдік мерзімін көрсеткен жағдайларды қоспағанда, Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жыл болып белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді. Бұл жағдайда кепілдік мерзімі Тауардың өндірушісі белгілеген мерзімді құрайды.

7.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауардың ақаулары немесе оның Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ақаулы Тауарды өз есебінен жаңасына ауыстыруға міндеттенеді.

7.4. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тауарды ауыстырудың кешіктірілуі Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7.5. Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша немесе Өнім берушінің бастамасы бойынша Тауардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін оған техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізе алады. Осы сынақтарға арналған барлық шығыстарды Шарттың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сынақтар кімнің бастамасы бойынша жүргізілсе, сол Тарабы көтереді. Бұл ретте Тараптар Тараптардың бірінен дайындаушы зауытта және/немесе тағайындалатын пунктте Тауарға сынақ жүргізу қажеттілігі туралы хат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз өкілдеріне сынақтарды жүргізуге қатысатыны туралы жазбаша нысанда хабарлауға тиіс.

7.6. Егер көрсетілген сынақтар Өнім берушінің аумағында жүргізілсе, онда Тапсырыс берушінің өкілдеріне барлық қажетті құралдар беріледі және Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуге жәрдем көрсетіледі.

7.7. Тауарды техникалық бақылаудан және/немесе сынақтан өткізу кезінде, соның ішінде Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейінгі жағдайларда, оның осы Шарттың, нормативтік-техникалық құжаттардың, стандарттардың талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша мыналарға құқылы:

7.7.1. Тауардан бас тартуға, бұл ретте Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талапты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз мұндай Тауарды Шартта белгіленген сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін Тауарға немесе Тауарлар партиясына ауыстыруды жүзеге асырады, сондай-ақ Тапсырыс берушіге сапасыз Тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығыстарды (сынақтар жүргізу, демонтаждау, монтаждау, тасымалдау, техниканы жалдау шығыстары және т.б.) өтейді;

7.7.2. Өнім берушіден Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстар мен залалдарды (залалды) өтей отырып, жеткізілген Тауар немесе Тауарлар партиясы үшін ақшаны толық көлемде қайтаруды талап етуге (қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін сапасы тиісінше емес Тауар анықталған жағдайларды қоспағанда).

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

8.2.2. Өнім беруші Шартта келісілген Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша тиісті міндеттемені бұзған әрбір күн үшін уақтылы жеткізілмеген/жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді;

8.2.3. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін негізсіз бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімақы төлейді;

8.2.4. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге тиіс сомалардан ұстап қалуына келіседі;

8.2.5. Тапсырыс беруші Өнім берушінің Тапсырыс беруші немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік құқығында немесе сенімгерлік басқару құқығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйым алдындағы берешектерінің сомаларын (соның ішінде залалдар, тұрақсыздық айыбының сомаларын және т.б.) Тапсырыс берушінің Өнім беруші алдындағы кредиторлық берешегінің сомасынан және/немесе енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету/аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Бұл ретте, Тапсырыс берушіде Өнім беруші алдында кредиторлық берешек болмаған жағдайда, залалдар, тұрақсыздық айыптарының сомаларын соңғысы тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлейді;

8.2.6. Шарт Өнім берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге осындай бұзудан келтірілген барлық залалдарды өтейді, сондай-ақ Шарттың жалпы сомасынан (лоттар болған кезде – міндеттемелер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған лоттың (лоттардың) сомасынан) 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

8.2.7. Өнім беруші Шарттың 4.1.10-тармағында көзделген міндетті бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Факторинг шарты бойынша берілген ақшалай талап сомасынан 30% (отыз пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.8. Шартта көрсетілген мерзімде Тауар толық көлемде жеткізілмеген жағдайда, Өнім беруші мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін жеткізілмеген немесе толық жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ жеткізілмеген немесе толық жеткізілмеген Тауар құнының 10%-ынан (он пайызынан) аспайтын өсімақы төлеуге міндетті.

8.2.9. Өнім беруші осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт шеңберінде өткізу бойынша табыс/айналым есептеген/алған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін Тапсырыс берушіні салықтық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті органдар анықтаған, өзінің және (немесе) өзінің 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің салық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және мынадай оқиғаларға әкеп соққан жағдайлар үшін жауапты болады:- Тапсырыс берушіге корпоративтік табыс салығын (КТС) және (немесе) қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ осы салықтар бойынша өсімақыларды, айыппұлдарды қосымша есептеу;- Тапсырыс берушінің КТС бойынша ауыстырылатын салықтық шығындарын және (немесе) ҚҚС бойынша дебеттік сальдосын азайту;- Тапсырыс берушіге қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының асып кетуін растамау;- Тапсырыс берушінің бюджеттен бұрын қайтарылған ҚҚС асып кету сомаларын бюджетке төлеуі.Жоғарыда көрсетілген шарттар туындаған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге мынадай мөлшердегі соманы өтеуге міндеттенеді:- жоғарыда көрсетілген салықтар бойынша қосымша есептеулер, сондай-ақ осы салықтар бойынша өсімақылар, айыппұлдар;- азайтылған салықтық шығындар сомасының 20%-ы;- ҚҚС асып кетуінің расталмаған сомасы;- бұрын бюджеттен қайтарылған, бюджетке төленген ҚҚС асып кету сомасы.Салық заңнамасын бұзу критерийлері болып табылатын (бірақ олармен шектелмейтін) мынадай фактілер бекітіледі, бұл ретте Өнім беруші және (немесе) оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттері: заңды мекенжайында жоқ, ЭШФ жазып беру бойынша шектеулері бар, салықтар бойынша берешегі бар, жалған кәсіпорындар деп танылған, банкрот деп танылған, әрекетсіз деп танылған, олар бойынша тіркеу жарамсыз деп танылған, заңнама нормаларын бұза отырып қайта ұйымдастырылған және (немесе) салық төлеушінің басқа да сенімсіздік белгілеріне сәйкес келеді және (немесе) салық заңнамасының өзге де бұзылуына әкеп соғады.

8.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.3.1. Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемдерді негізсіз кешіктірген жағдайда, Өнім берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімақы төлейді;

8.3.2. Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару негізсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын өсімақы төлеуге тиіс;

8.3.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуі тиіс.

8.3.4. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеме жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімақы төлейді.

8.3.5. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Тауарды жеткізу үшін Тапсырыс берушінің Өнім берушіге құжаттар ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Өнім беруші шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден кешіктіруден келтірілген залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

8.4. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші туралы мәліметтерді Холдингтің сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін Сатып алу жөніндегі Қор операторына белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

8.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және бұған байланысты туындаған залалдарды енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы.

8.6. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

8.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныста өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

9.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.6. Өнім беруші Тапсырыс беруші Шартта көзделген төлем мерзімін қатарынан 2 (екі) айдан астам уақытқа бұзған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

9.7. Шарттың 9.3, 9.4-тармақшаларында көзделген жағдайларда, оны бұзуға бастамашылық жасайтын Тарап екінші Тарапқа Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте, осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап, соның ішінде заңды мекенжайдың өзгеруі себебінен Өнім берушінің кінәсінен бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарт бұзылған күнге іс жүзінде жеткізілген және Тапсырыс беруші қабылдап алған Тауарлар үшін төлем жасайды. Шартты бұзу туралы хабарлама почта жөнелтілімінің тапсырылғаны туралы хабарлама ресімделе отырып, тапсырыс хатпен жіберілуге немесе екінші Тараптың уәкілетті өкіліне жеке өзіне табыс етілуге тиіс.

9.8. Егер Өнім беруші Шарттың 4.1.2-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат-хабар алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе кімнің де болсын шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және егер өзгеше келісілмесе, онда хат-хабар алмасудың мұндай түрі жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

10.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, соның ішінде хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, кінәрат-талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала берілуге және қолма-қол не почталық хабарламасы бар тапсырысты (авиа) хатпен не факс, телекс, телеграмма арқылы, электрондық почтамен, кейіннен факстік/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын ұсына отырып табыс етілуге тиіс.

10.4. Телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хат-хабар дәл жіберілген сәтте жеткізілді деп есептеледі. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хат-хабар почта жөнелтілімінің жеткізілгенін растайтын почта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама почта жөнелтілімінің жеткізілгенін растайтын почта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2026 жылғы «31» желтоқсанға дейін, өзара есеп айырысу бөлігінде – Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін, Өнім берушінің анықталған салық заңнамасын бұзушылықтар бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде (Шарттың бұзылуына қарамастан) – Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенге дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін болмай қалған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар туындаған және олардың себептері анықталған сәттен бастап 5

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданысы тоқтаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті орган берген, осындай мән-жайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

12.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа барабар шегеріледі.

12.4. Жоғарыда көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда, Тараптар ешқандай мән-жайлар еңсерілмейтін күш мән-жайлары ретінде қарастырылмайтынына және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір тәсілмен алынып тасталмайтынына немесе шектелмейтініне келісті.

12.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданысы тоқтағаннан кейін, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде осындай мән-жайлардың тоқтағаны туралы жазбаша нысанда хабарлауға, бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау болжанатын мерзімді көрсетуге міндетті.

12.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптар Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты хабардар ете отырып, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұдан кейін осы Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарт бұзылған күнге іс жүзінде жеткізілген және Тапсырыс беруші қабылдап алған Тауарлар үшін төлем жасайды.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

